КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 қараша №2301-23-00-2/2029 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«АЙКОМ Ltd.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Г.Алматова
жауапкер өкілі М.Битимова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2021 жылғы 25 қазанда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №113 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға Атырау облысы, Махамбет ауданы, Алмалы ауылдық округі, Береке ауылындағы тұрғын үйлерге электр желілерін тарту құрылысын жүргізу қызметін құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы хабарлама алған күннен бастап 4 ай ішінде орындауға міндеттенген. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы хабарлама 2022 жылғы 30 мамырда алынған. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі 2022 жылдың 30 қыркүйегіне дейін.

2023 жылғы 16 ақпанда тараптар арасында №8 қосымша шарт жасақталып, міндеттемені орындау мерзімі 2023 жылғы 31 шілдеге дейін ұзартылған.

Талап қоюшы сотта «АЙКОМ Ltd.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Г.Алматова талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін толық орындалмағанын, осы мерзімге дейін бөлінген қаражаттың тек 90 пайызы игерілгенін, қазіргі кезде халық арыздану үстінде екенін, жағымсыз салдарының бар екенін көрсетті.

Сот отырысында жауапкер өкілі М.Битимова талапты мойындамай, жобалау сметалық құжаттама өзгертілгенін, өндірістік жұмыстарға рұқсат 2023 жылғы 07 қарашада алынғанын, құрылысқа кедергі туғызғанын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін толық орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ. Шарт бойынша бөлінген 1 874 277 115 теңге қаражаттың, 2023 жылға бөлінген толық қаражаттың 105 987 484 теңгеге жұмыстар жасалмаған. Шарт бойынша міндеттеме орындалу мерзімі 2023 жылғы 31 шілдеге дейін болса да, 2023 жылғы 28 қарашада шешім шығарылу кезінде міндеттеме орындалмаған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 30 тамызда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 29.11.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «АЙКОМ Ltd.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«АЙКОМ Ltd.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«АЙКОМ Ltd.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2023 жылғы 29 қарашада шығарылды.
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2023 жылғы « » енді.
Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 29.11.2023

2301-23-3-1/2329

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 29.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»